

**1.Омоним болмайтын сөзді көрсетіңіз:**

- A) Түс.
- B)Көр.
- C)Жастық.
- D)Сол.
- E) Ынтымақ.

**2.Екі буыннан құралған сөзді анықтаңыз:**

- A)Қаламгер.
- B) Бүгін.
- C)Бояушы
- D). Кіріспе..
- E). Оқушы

**3.Дерексіз зат есімдерді белгілеңіз:**

- A)Дәптер, қағаз.
- B)Үй, көше.
- C) Бала, ата.
- D)Тау, орман.
- E) Ақыл, ой.

**4.Сұрау есімдігінің тәуелденген түрін көрсетіңіз:**

- A) Несі?
- B)Нешеу?
- C) Қайдан?
- D)Қай?
- E)Нешінші?

**5.Туынды етістікті көрсетіңіз:**

- A)Біл.
- B)Қол.
- C)Көр.
- D)Қайт.
- E)Көмектес.

**6.Ашық дауыстылардан тұратын сөзді көрсетіңіз:**

- A)Жолбарыс.
- B)Бәйшешек.
- C)Жүрек.
- D)Былғары.
- E)Әңгіме.

**7.Айтылуы жағынан дұрыс сөзді көрсетіңіз:**

- A)Жанбейіс.
- B)Жаңпейіс.
- C)Жанпейіс.
- D)Жамбейіс.
- E)Жампейіс.

**8.Күрделі сөзді табыңыз:**

- A)Астанадан келді.
- B)Тонның ішкі бауындай.
- C)Өндіріс.
- D)Бөлімше.
- E)Көрпе-жастық.

**9.Бағыныңқы, басыңқы сыңары бар, лексикалық, тұлғалық негізі бар сөздер тобына тән атауды табыңыз:**

- A)Екпін.
- B)Дыбыс.
- C)Буын.
- D)Сөйлем.
- E)Сөз тіркесі.

**10.Есімді тіркесті көрсетіңіз:**

- A)Тау басына шығу.
- B)Асықпай сөйлеп ала жөнелу.
- C)Жыл құсымен енеді.
- D) Тілін тигізу.
- E)Жақсы бала.

**11.Қосарлы айқындауышты табыңыз:**

- A) Телефон-автомат.
- B)Өмір сүру.
- C)Ақ орамал.
- D)Екі бөлім.
- E)Ер-тоқым

**12.Жерді де таңдай біл, оны баптай да біл.**

Құрмаласты анықтаңыз:

- A)Түсіндірмелі.
- B)Қарсылықты.
- C)Себеп-салдар.
- D)Ыңғайлас.
- E)Талғаулы.

**13.Жекіру одағайын көрсетіңіз:**

- A)Ой.
- B)Дейін.
- C)Тек.
- D)Соң.
- E)Бәсе.

**14.Тыныс белгісі дұрыс қойылған орынды көрсетіңіз:**

- A)Ал, шырақ, әңгіменді айта бер.
- B)- Ал, шырақ,- әңгіменді айта, бер!
- C)Ал, шырақ, әңгіменді айта,бер.
- D)Ал, шырақ әңгіменді, айта бер.
- E)Ал шырақ, әңгіменді айта бер.

**15.Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:**

- A)Алтын кесе, ақ боз ат.
- B) Жүйрік ат, шабан ат.
- C) Жүрек жұтқан, су жұқпас адам.
- D)Қорқақ бала, еріншек бала.
- E)Тез оқу, екі ат.

**16.Кәсіби сөзді анықтаңыз:**

- A)Сұлтан, би.
- B)Жәшік, кереует.
- C)Биыл, былтыр.
- D) Тырма, орақ.
- E) Жиен, жұрағат.

**17.Ілгерінді ықпал бар жерді көрсетіңіз:**

- A)Жүз жаса.
- B)Әрқалай.
- C)Серігі.
- D)Сөзшең.
- E)Ерінбеді.

**18.Салыстырмалы шырайды табыңыз:**

- A)Өте сары.
- B)Аса көп.
- C)Сап-сары.
- D)Сарғылт.
- E)Сары.

**19.Жинақтық сан есімді көрсетіңіз:**

- A)Барыңыз.
- B)Үшеу.
- C)Бір.

- D) Бір-бірден.
- E) Анау.

**20. Мекен үстеуін табыңыз:**

- A) Былтыр.
- B) Жоғары.
- C) Жедел.
- D) Ертең.
- E) Сонша.

**21. «Бері», «гөрі» шылаулары алдындағы сөздің қай септікте тұруын керек етеді, дұрысын көрсетіңіз:**

- A) Шығыс.
- B) Жатыс.
- C) Табыс.
- D) Атау.
- E) Ілік.

**22. Толымды сөйлем болуына қай сөйлем мүшесі жетпей тұрғанын белгілеңіз: Орнықты ісімен қадірлі.**

- A) Пысықтауыш.
- B) Бастауыш.
- C) Баяндауыш.
- D) Анықтауыш.
- E) Толықтауыш.

**23. Қаратпа сөзді табыңыз:**

- A) Тәйт, қалжынды қой.
- B) О, жауыздыққа шек бар ма?
- C) Мырза, шолғыншылар оралды.
- D) Кейін анықтасам, айтқаны дұрыс екен.
- E) Өй, жайына жүр.

**24. Бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылатын жерді табыңыз:**

- A) Сондағы оқитыным Некрасовтың өлеңдері.
- B) Ұстазың үйде ұйықтап жатыр.
- C) Үңгір іші қараңғылана түсті.
- D) Көңіл кірлесе, сол жаман.
- E) Даланы өрлей жүрген ақын Абай әнге салды.

**25. Қысқарған сөзге қосымша қосылғанда қойылатын тыныс белгіні көрсетіңіз: БҰҰ-ның құрамын кіргеніміз – үлкен абырой.**

- A) Дефис.
- B) Сызықша.
- C) Көп нүкте.
- D) Үтір.
- E) Қос нүкте.